

ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ПІКІРТЕРІМ НӘТИЖЕЛЕРІ

Сауалнама жүргізілген күндер: 2024 жылғы 23-27 желтоқсан

Респонденттердің саны: 12

(AERC, ING, Jusan Invest, NAC, AKPA, Еуразиялық экономикалық комиссия, Еуразиялық Даму Банкі, Ренессанс Капитал, Сентрас Секьюритиз, Фридом Финанс, Экономикалық зерттеулер институты, Эксперт РА)

Пікіртерім нәтижелері (респонденттер болжамының медианалық мәні, жақша ішінде алдыңғы болжамдардың медианалық мәндері көрсетілген):

Көрсеткіш	2024 (факт)	2025	2026	2027
Brent маркалы мұнай бағасы бір баррель үшін АҚШ долл., жылына орташа есеппен	80,7	75,0 (76,5)	74,0 (74,0)	75,0
ЖІӨ %, ж/ж	4,1*	4,7 (4,7)	4,5 (4,5)	4,5
ТБИ %, желт. өткен жылдың желт.	8,6	7,5 (6,9)	6,5 (6,0)	5,6
Базалық мөлшерлеме жылдық %, жылына орта есеппен	14,7	14,7 (12,5)	11,8 (10,3)	10,5
Тауарлар мен қызметтер экспорты жылына млрд АҚШ долл.	60,8*	89,5 (91,7)	91,8 (91,6)	91,6
Тауарлар мен қызметтер импорты жылына млрд АҚШ долл.	43,9*	74,7 (72,5)	76,8 (73,0)	77,1
USD/KZT бағамы жылына орта есеппен	469,0	514,5 (486,9)	530,0 (498,3)	550,0
Бейтарап базалық мөлшерлеме* жылдық %	9,0 (8,5)			
ЖІӨ-нің ұзақмерзімді өсуі** %, ж/ж	4,3 (4,0)			

МҰНАЙ БАҒАСЫ. 2025 жылға арналған мұнай бағасы бойынша болжамдар төмендеу бағытында — 76,5 доллардан **75,0** АҚШ долларға дейін түзетілді. 2026 жылға арналған бағалар барреліне **74,0** АҚШ доллар деңгейінде сақталды. 2027 жылға арналған күтулер **75,0** АҚШ доллар деңгейінде қалыптасты.

ЖІӨ. Респонденттердің пікірінше, экономика тұрақты қарқынмен өсуін жалғастырады. Талдаушылардың 2025 және 2026 жылдарға арналған бағалаулары тиісінше **4,7%** және **4,5%** деңгейінде сақталды. 2027 жылы сарапшылар экономика **4,5%** өседі деп болжайды.

ТБИ. Сауалнаманың алдыңғы нәтижелерімен салыстырғанда респонденттердің болжамы біршама көтерілді. 2025 жылға арналған инфляция болжамдарының

* ЖІӨ - ҚР СЖЖРА ҰСБ 2024ж. қаңтар-қыркүйек бойынша есепті деректері, экспорт/импорт - ҚРҰБ 2024 ж. 9 айы бойынша есепті деректері

** Ақша-кредит саясаты инфляция мен инфляциялық күтулерді мақсатты және ЖІӨ-ні әлеуетті деңгейде ұзақмерзімді перспективада қолдайтын базалық мөлшерлеме деңгейі

*** Әлеуетті ЖІӨ өсімінің 5 жыл көлемінде күтілетін орташа қарқыны

медианалық мәні 6,9%-тен **7,5%**-ке дейін қайта қаралды, 2026 жылға — 6,0%-тен **6,5%**-ке дейін өзгерді. 2027 жылы инфляция **5,6%** деңгейінде күтілуде.

БАЗАЛЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕ. Инфляция бойынша бағалаулардың өзгеруіне сәйкес базалық мөлшерлеме бойынша күтулер де қайта қаралды. 2025 жылға арналған болжамдардың медианалық мәні 12,5%-тен **14,7%**-ке дейін, 2026 жылға — 10,3%-тен **11,8%**-ке дейін түзетілді. 2027 жылға базалық мөлшерлеме **10,5%** деңгейінде болжанады.

ТАУАРЛАР МЕН ҚЫЗМЕТТЕР ЭКСПОРТЫ. Экспорт көлемі бойынша талдаушылардың күтулері 2025 жылға 91,7-тен **89,5** млрд АҚШ долларға дейін нашарлады. 2026 жылы экспорт көлемі алдыңғы бағалаулардан сәл жоғары — **91,8** млрд АҚШ долл. құрады, ал 2027 жылы **91,6** млрд АҚШ доллар деңгейінде қалыптасты.

ТАУАРЛАР МЕН ҚЫЗМЕТТЕР ИМПОРТЫ. 2025 жылы сарапшылардың болжамы бойынша импорт көлемі **74,7** млрд АҚШ долларын құрап, алдыңғы 72,5 млрд АҚШ долларынан аса қалыптасты. 2026 жылға арналған болжам да 73,0-ден **76,8** млрд АҚШ долларына дейін қайта қаралды. 2027 жылы импорт **77,1** млрд АҚШ долл. көлемінде күтілуде.

USD/KZT БАҒАМЫ. USD/KZT бағамы бойынша болжамдар әлсіреу жағына өзгертілген. Осылайша, 2025 жылы күтулер жылына орташа есеппен 1 АҚШ доллары үшін — 486,9 теңгеден **514,5** теңгеге дейін, 2026 жылы 1 АҚШ доллары үшін — 498,3 теңгеден **530,0** теңгеге дейін қайта қаралды. 2027 жылы бағам АҚШ доллары үшін **550,0** теңгеге дейін одан әрі әлсірейді деп болжанады.

БЕЙТАРАП БАЗАЛЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕ. Ақша-кредит саясаты инфляция мен инфляциялық күтулерді мақсатты және ЖІӨ-ні әлеуетті деңгейде ұзақмерзімді кезеңде қолдайтын базалық мөлшерлеме енді **9,0%** деңгейінде бағаланып отыр (бұрын — 8,5%).

ЖІӨ-НІҢ ҰЗАҚМЕРЗІМДІ ӨСУІ. Респонденттер әлеуетті ЖІӨ-нің 5 жыл шегінде орташа өсу қарқынын **4,3%** деңгейінде бағалайды.

Болжамдар ауқымы мен макрокөрсеткіштердің көп бағытты динамикасы талдаушылардың бағалауындағы белгісіздікті көрсетеді. Респонденттердің мұнай нарығы бойынша күтулері бүкіл болжамдық ауқымда ұстамды қалпында сақталып отыр. ЖІӨ, болжамдарға сәйкес, өз әлеуетіне ұмтылады, ал инфляция баяулау үрдісін жалғастырып, нысаналы бағдардан жоғары сақталады, импорт неғұрлым жоғары айырбас бағамы аясында өсуді жалғастырады.